

Ясиын ҚҰМАРҰЛЫ

БАЙЫРҒЫ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ ҚЫТАЙДЫҢ ОРТА ЖАЗЫҚ
ӘСКЕРИ МӘДЕНИЕТІНЕ ӘСЕРІ

В статье анализируется и доказывается влияние военной культуры кочевников на центральную равнинную военную культуру Китая с помощью исторических рукописей, археологических раскопок, также с помощью обычаев и традиций, языкового и иероглифных данных.

Yazar göçmenlerin Çin'in orta düz askeri kültürüne olan etkisini tarihi yazılar, arkeolojik kazıntılar, örf-adet ve dil kaynakların karşılaştırarak anlatmaya çalışır.

Соғыс әлмисактан бері адамзат үшін қанды қырғындар мен алапат апаттарды, ауғын-сүргіндерді әкеліп отырғандығы баршаға аян. Адамзат традегияларының мүлде көпшілігі соғыспен байланысты болды. Сонымен бірге соғыс адамзатқа қыруар олжаларды да сыйлады. Ол адамзатқа қанды қырғын, алапат апат әкеліп қана қойғаны жоқ, сонымен бірге, адамзат қоғамын дамытты, адамзат мәдениетін алға бастырды, ғылым мен техниканы ілгерлетті, мәдениетін таралуын, тоғысуын, адамзаттың этникалық араласуын жүзеге асырды. Ұлттардың, мемлекеттердің қалыптасуын жеделдетті. Адамзаттың ақыл-парасатын ұштады, рухын шыңдады, ахлақ-моралін жетілдірді. Көптеген ғалымдар соғысты маңызды мәдениет формаларының біріне жатқызады. Америкалық антрополог С.Уеслер соғысты тіл, заттық сапа, көркемөнер, миф және ғылыми білім, діни дағды, отбасы және қоғамдық түзім, мал-мүлік, үкімет сияқтылармен тең тоғыз мәдениет формасының біріне жатқызады.

Евразия көшпенділері адамзат арпалысының қайнаған ортасында болды. Тұтас адамзат тарихы сияқты евразия халықтары да тарихын арғы аңыз-ертегілерден тартып, ең алғашқы тарихи жазбаларға дейін тұтастай соғыс тарихы деп айтуға болады. Олар да арғы замандардан соғыспен есейіп-ержеткен, шыңдалған. Соғыспен ұлт болып ұйысып, соғыспен елдік сақтаған. Соғыспен мәдениет қабылдап, соғыспен мәдениет таратқан.

Қиыр шығыстағы Қытай елі – дүниедегі ең көне мәдениет орталығының, ең көне жазба дерек сақталған санаулы елдердің бірі. Қытайдың осы ең байырғы мол тарихи жазба ескерткіштерінің аңыз-ертегілерге ұласатын ең алғашқы беттерінің өзі Қытай мен терістік көшпенділерінің ара қатынасын баяндаудан басталады десек артық айтқан болмаймыз. Қытай мәдениеті мен қытай тарихының алғашқы бетін ашқан, қытай ата-бабаларының бірі саналатын тарихи аңыздық образ Хуандидың (Бес бабалық дәуіріндегі бес бабалықтың біріншісі. бес бабалық дәуірі: б.з.б.26ғ - б.з.б.22ғ) қытай аңыздары мен тарихтарындағы сипаты терістік көшпенділеріне бейім екендігі мәдениет тарихын зерттеуші мамандардың көбіне аян. Оны көптеген

оқымыстылар терістік көшпенділерімен төркіндестіреді. Аңыздық деректерде баяндалуынша, дәл осы Хуанди қытай тарихын соғыспен ашады. Орта жазық жеріне мәдениеттің алауын жағады. Ат, арба, кола, жазу, тағы басқаларды әкеледі. Бұл белгілі мағынадан алғанда қытай тарихы мен қытай мәдениет тарихының алғашқы беттері терістік көшпенділерімен соғысу, тоғысу барысында ашылғандығынан дерек береді.

Қытайдың батыс терістігінде көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданған Хуанди тайпасы алғашында Шуанюан (轩辕) деп те аталған. «Тау-теңіз шежіресі – ішкі құрылық батыс баянында» (山海经·海内西经): «Шуанюан елі, ... Адам басты, жылан денелі» деп жазылады. Хуандиды білдіретін Шуанюанның қытайша жазылуы 轩辕 болып, оның екі әрпі де арбаны білдіретін 车 қосымшасымен қосылып жасалған. Бұның алдыңғысы: 轩 – биік, соңғысы: 辕 – арба дәртесі деген мағынаны білдіреді. Демек бұдан жеке-жеке мағыналағанда биік арба дәртесі деген мағына шығады. Бұл бір жағынан биік арба дегенді білдіреді. Сақтар – арбамен көшіп жүретін халық. Тарихи аңыздарда баяндалуынша, Хуанди да Құрұм (күнлүн) тауынан Қытайдың орта жазығына айдаһар жегілген арбаға отырып, алдынан бөрі жол бастап, артынан аруақ қолдап, қорғап келеді. Бұл Хуанди тайпасы Қытайдың орта жазығына батыс терістіктен келген сақтар дегенді тіпті де растай түседі. Алғашқы арба жасағандар, жылқыны қолға үйретіп, арбаға жеккендер (қытайтанушы ғалымдарда ұлуды жылқымен байланыстырушылар да көп), бөрі иесі қолдап, қорғайды, аруақ қолдап, қорғайды деп сенгендер де терістік көшпенділері екендігі тарихтан азын-аулақ хабары бар адамдардың барлығына белгілі.

Қытай тарихында Хуанди мен Яндиден (Янди – Хуандиден бұрынғы орта жазықта егін шаруашылығымен айналысқан тайпа көсемі) қалса, басты орында тұратын тағы бір маңызды кейіпкер – Чы-ю (蚩龙). Чы-ю аңыздарда көбінде кейінгі тарихтарда суреттелген терістік көшпенділері ғұндар сияқты «жауыз» түрінде жолығады. «Заман әділетінде» (世纪正义) «Айдаһар балықты өзен сызбасынан» (龙鱼河图) нақыл алып: «Чы-ю ағайынды сексен бір, олар хайуан денелі, адам сөзді, кола бас, темір иық болыпты, құм жейді екен, әскери қару-жарақ жасап, аспан астын тітірентеді, төңірегін рақымсыз қырып-жояды». Батыс Азиядан терістік Африкаға дейінгі өңірлерде де ерте заман адамдары адам басты жануар денелі адамдар туралы аңыздар таратады, сурет салып, мүсіндер ояды. Ғалымдар бұларды осы өңірдің адамдары жылқы мінген терістік көшпенділерін алғаш көргенде шығарған қиял-ғажайып деп

тұжырымдайды. Ендеше, жоғарыдағы Чы-ю (蚩龙) туралы аңыз да осыған үксайды. «Хайуан денелі, адам сөзді, қола бас, темір нық» – астына жылқы мінген, басына дулыға, үстіне сауыт киген байырғы сақтардың жауынгері. Олардың «күм жеуі» – терістікте, күмды далада жасайтындығы. «Әскери қару-жарак жасап, аспан астын тітірентеді, төңірегін рақымсыз қырып-жояды» делінуі де атам заманнан терістік көшпенділеріне телініп келе жатқан ерекшелік екендігі белгілі.

«史记·封禅书» баяндауынша, Хуанди қазан құюды игергеннен кейін Жиушанға (就仙) барады. Бұдан бұл Хуандидің соңғы дәуірі екендігін білеміз. Ал, «Гуанзы» (管子) сияқты кітаптарда жазылуынша, Хуанди қазан құюдан бұрын Чы-ю (蚩龙) қоладан әскери қару жасауды білген. «太平御览» 72-орамында «世本»-нан нақыл келтіріп, Чы-юның әскери жасақтағандығы, «山海经·大荒北经»-да Чы-юның әскер жасақтап, Хуандиге жорық жасағандығы баяндалады. «吕氏春秋·荡兵»-да бұл туралы: «Ел аузындағы Чы-юның әскер жасақтауы – әскер жасақтау емес, қару-жарак жасау, Чы-юнан бұрын адамдар ағаштан жасалған соғыс құралдарын пайдаланатын» деп түсінік беріледі. Демек бұлар Чы-юның қола қаруларды жасап, ағаш, тас қарулардың орнын бастырғандығын ұғындырады. Чы-ю – қытай тарихи аңыздарындағы ең әйгілі соғыс кейіпкері. Аңыздарда ол өлгеннен кейін де аруағы өлмеген. «Айдаһар балықты өзен сызбасында» (龙鱼河图) айтылуынша: «Чы-ю өлгеннен кейін аспан асты миша былыққан, Хуанди Чы-юның образын сызып алып жер жүзіне айбар көрсеткен. Чы-ю өлмеген екен деп білген, шар тараптағы қалың топ дізе бүгіп, бас иеді». Кейінгілер Чы-юды әскер иесі, соғыс әулиесі деп табынады. 国古代青铜文化16-17.

Ал, кейінгі Шнялардан (б.з.б.22ғ. - б.з.б.17ғ.) өтіп, Шаң дәуіріне (б.з.б.17ғ. - б.з.б.11ғ.) ұласқанда, Қытайдың орта жазығында сүйек-сауыт жазуы пайда болды (б.з.б.14ғ. - б.з.б.11ғ.). Сүйек-сауыт жазуында орта жазық әулеттері мен терістік көшпенділерінің ара қатынасы көп сөз болады. Шаң дәуірінің сүйек жазуы арнаулы жазылған тарих емес. Алайда, ол кейінгі патшалықтардың арнаулы жазылған тарихынан да сенімді еді. Өйткені онда нағыз оқиғалар, өз кезінде, өз жерінде балдык жауырын немесе сауыт сүйектерге ойылып жазылып отырған.

Сүйек жазуында жазылуынша, Шаң заманында (б.з.б.17ғ. - б.з.б.11ғ.) Қытайдың орта жазығы мен оның төңірегіндегі аймақтарда бірі-бірінен дербес көптеген елдер мен ұлыстар өмір сүрген. Сол қатардағы Кон (kong方), Гүр (鬼方) тағы сол сияқты ұлыстарды қытайтанушы ғалымдар ғұндардың

арғы аталары, ал Рүн (允) сияқты ұлыстарды үйсіндердің арғы аталары деп дәлелдейді (бұл туралы қытай мамандарының еңбектері жеткілікті) [1].

Жауырын жазуларында осылардың ішіндегі Ғұндардың арғы атасымен төркіндестірілген ұлыстардың бірі – тек Коң елі (kong 方) туралы мазмұндар қамтылған балдық сүйектердің саны 500-ден асады. Бұлар негізінен Шаң патшалығының соңғы дәуіріне тура келетін 22-әулет патша Удин патша заманына шоғырланған [1]. Осы Коң еліне қатысты сүйекке жазылған мәтіндерден Коңфан елінің Шаңдармен байланысын жүйелі түрде аңғаруға болады. Мысалы, «合集 (жауырын жазуының жинағы)» (ендігі жерде “жинақ” деп алынады). 6069-жауырынның оң бетінде, 6087-жауырынның оң бетінде Коң елінің Шаңдарға шабуыл жасау қаупі болжанады; жинақтағы 137-жауырынның теріс бетінде, 584-сауыттың, 6068-жауырынның оң бетінде Коң елінің Шаңдарға шабуыл жасағаны баяндалады; жинақтың 6344-, 6345-, 6347-, 6349-сүйектерінде Шаңдардың Коң еліне жаза жорығын жасағандығы баяндалады; «Англияда сақталған» 559-сүйекте, жинақтағы 6171-, 6169-, 6172-, 6173-, 6174-сүйектерде Шаңдардың Коң еліне жаза жорығын жасағандағы жорық көлемі баяндалады. Дәл осы тәрізді Коң елімен бір, ғұндардың арғы атасы деп дәлелденген Гүр елі (鬼方) туралы жинақтың 8591-, 8592-, 8593-сүйектерінде Гүр елі мен Шаңдардың жауластығы жазылса, 137-сүйектің, 203-сүйектің, 1114-сүйектің оң беттеріне, 1114-сүйектің теріс бетіне Гүр елінің Шаңдарға тәуелді болып, патшалықтың жұмысына араласқандығы, 5577-сүйектің бетіне Гүр елі адамының мансап аты, тағы басқа сүйектерде Шаң патшасының Гүрлерге жарлық түсіргендігі жайында, 20757-сүйекке Шаң патшасының Гүр еліне барғандығы туралы деректер жазылған [2].

Міне осылардың өзінен-ақ қытай тарихының беташары Қытайдың орта жазығы мен терістік көшпенділерінің әскери мәдениет алмасу тарихымен басталатындығын байқауға болады. Сүйек және қола жазуларынан орта жазықтағы Шаң елі мен терістіктегі көшпенділердің арасындағы соғыс жағдайы ғана емес, қару-жарак туралы да қыруар жіп ұштарын байқауға болады. Онда орта жазықтың терістік көшпенділерінен жылқы алып келгендігі, арба олжалағандығы т.б. деректер кездеседі. Ал, сүйек жазуының өзінен де көшпенділерге тән қару-жарактардың бейнесі жолығып отырады.

Сүйек-сауыт жазуында жалпы алғанда, шапқыншылықты білдіретін, олжаны білдіретін иероглифтер сүйек жазуында малға қатысты таңбалар арқылы жасалған. Мысалы, шапқыншылық, сұғанақтық дегенді білдіретін 侵 (qin) иероглифінің сүйек жазуындағы көрінісі 𠄎. Бұл бір қолдың құрал ұстап, сиыр қуған бейнесі. Міне бұлардың барлығы шабуылдың басты мақсатының отырықты егінші елді емес, қайта мал бағатын елдің малын шабу екендігін білдіреді. Бұл сол дәуірде ең басты шапқыншылық

нысанасының да, ең негізгі олжаның да мал түлігі болғандығын ұғындырады. Бәлкім сол заманда мал ең басты байлық болса керек. Ендеше бұл соғыстардың мал шаруашылығын негізгі кәсіп еткен терістік көшпенділерімен тығыз байланысты екендігінен дерек береді.

Қытай тарихында терістіктегі көшпенділер «садақ асынғандар», орта жазықтықтар «басында тәжі, белінде белбеуі барлар» делінеді [3]. «Тарихи жазбаларда» ғұндар туралы: «Жас өспірімдері қойға мініп құс, тышқан дәлдеп садақ атуды үйренеді, ер жете келе түлкі, қоян аулап аужал табады, жігіт-желені шетінен садақ асынып, ат жалында ойнап, сайлауыт сарбаз болады. Салт бойынша олар жайшылықта мал бағып, аң аулап күнелтеді, жаугершілік бола қалса, барлық адам соғысқа аттанып, жортуылға шығады. Бұл – олардың сүйегіне біткен табиғаты. Олар алыстан садақ тартып, таяғанда қылыш, садақ сілтейді. Ұрыс үстінде оңтақы келсе өршелене шабуылдап, оңтайсызда тайсап кетеді, қашудан арланбайды» деп жазады [3].

Біз төменде арнаулы талқылайтын сүйек жазуындағы руды білдіретін 族 иероглифінің туды білдіретін иероглиф пен садақты білдіретін иероглифтің бірігуінен қосылуынан жасалуының өзі де ең басты қоғамдық бірлік рудың жебемен, тумен, яғни соғыспен байланысты екендігін ұғындырады.

Ғалымдардың бірсыпырасы қытай тарихындағы алғашқы патшалықтар Шияларды, Шияндарды, Жоуларды және Чиндерді терістік көшпенділерімен байланыстырады. Ал, қытай ұлты да, басқа ұлттар да калыптаса бастаған Хан дәуірінен басталған қытай тарихында Қытайда әкімият құрған ұлттар мен ұлыстардың тең жарымынан артығы терістік көшпенділері немесе олардың ұрпақтары болғаны белгілі. Бұлардың ең соңғысы осыдан бір ғасыр бұрын ғана патшалығын тәмамдаған Манжулар болды. Осылардың барлығы әкімиятты бейбіт өткізіп ала салғаны жоқ, қарулы күреспен күрды, әкімият күрумен бірге, терістіктің әскери мәдениетін де орта жазыққа жалпыластырып отырды, әрине, орта жазықтағы тұрғын халық қытайлардың да әскери және басқа жақтардағы өнерлерін қабылдады.

Тарихтан қарағанда терістік көшпенділері мен орта жазықтың мәдениет алмастыруында ең маңыздысы, ең басты орында тұратыны әскери мәдениет деп айтуға болады. Тіпті белгілі мағынадан алғанда, терістік көшпенділерінің орта жазыққа әкелген мәдениет әсер-ықпалын әскери мәдениеттегі әсер-ықпалдан тіпті де айқын көріп алуға болады. Терістік көшпенділерінің әскери мәдениетінің қытайдың кіндік жазық әскери мәдениетіне жасаған әсер-ықпалы тарихи жазбалардан да, археологиялық олжалардан да, тіпті, салт-дәстүрлік, тілдік, иероглифтік деректерден де молынан жолығады. Әскери мәдениет қару-жарақ, ат-көлік, киім-кешек, қосын жасақтау және соғыс техникасы сияқтыларды өз ішіне алады. Әскери мәдениеттердің аралығындағы өзара әсер-ықпал да осы жақтардан бейнеленеді.


Әскери қару-жарақ. Терістік көшпенділерінің орта жазық әскери мәдениетіне жасаған әсер-ықпалы ең алдымен қару-жарақтан байқалады.

Соғыс қару-жарақтары ал дегенде-ақ соғысқа арналып жасалған болуы мүмкін емес. Қайта, ең алғашқы қару-жарак аң аулау және адамдардың өзін қорғауы үшін жасалғандығын межелеуге болады. Адамзаттың тас құралдар дәуірінде тапқан ең озық қаруы садақ екендігі әркімге болса да белгілі. Садақ ерте заманғы дүниенің түкпір-түкпіріне таралған. Оның жалпы бейнесі мен рөлі де негізінен бір-біріне ұқсайды. Садақтан басқа металл қару пайда болудан бұрын ағаштан, сүйектен, мүйізден, қайыстан, жүн, жіптерден жасаған. Осы дәуірлерде найза, шокпар, шалма (шалма бір түрі, кәдімгі жылқы шалмалайтын шалма тәрізді шалма, енді бір түрі, екі басына тас байланған, ортасында қолға ұстап, үйіріп лақтыратын бауы бар, лақтырғанда аңның денесіне оралып жығатын шалма), тұзақ сияқты құралдар бары белгілі. Мысалы, Шаңдардың сүйек жазуынан бір бөлім құралдардың бейнесін байқасақ:


受 (shu), 役(yi): жұмысқа салу, жегу 受 мағынасындағы иероглиф. Оның қазіргі мағынасы – арғы заманда қолданылған найза, сүңгі. Бұл иероглифтің сүйек жазуындағы бейнесі 𠄎. Бұл шокпар көтерген қолдың бейнесі. Бәлкім бұл Шаң дәуірінде найза, сүңгіні емес, шокпар деген мағынаны білдірсе керек. Оның үстіне шаңдардың бұл құралының көрінісі терістік көшпенділерінің шокпарымен ұқсас. Дәл осындай шокпар қазақта таяу заманға дейін сақталып келді.

Қытай иероглифіндегі 单 дән, сүйек жазуындағы көрінісінде 𠄎 (单дәннің сүйек жазуындағы көрінісі 𠄎) арғы заманда екі ұшына тас байлап лақтыратын шалманы білдірген. Бұның алдыңғысы екі ұшына тас байланған жіпті үйіріп лақтырғанда, аңға оралып, жығады. Артқысы садақпен ататын оқты көрсетеді. Екі ұшына тас байлап лақтыратын шалма сияқты құрал қазір бағы заманда Азияның терістігінен кеткен деп қаралатын Америка үндістерінде қазір де бар көрінеді. Бұны Евразия көшпенділерінің құрық-шалмаларының бір түрі деуге де болады. Оның үстіне бұл қару мал мен аңшылықты басты кәсіп еткен терістіктерде болмауы мүмкін емес. Міне осы тәрізді тек сүйек жазуының өзінен-ақ арғы заман қаруларының көптеген түрін байқауға болады.

Жебе-садақ. Қытайдың орта жазығына садақтың терістіктен келгендігі туралы дерек жоқ болғанымен, садақ пен садақ жебесі туралы жеке терминдер мен олардың басқа да символдық рөлдері жағында Қытайдың орта жазығы мен терістік көшпенділерінде белгілі ортақтықтардың өмір сүргендігін байқауға болады. Садақтың қытайдың орта жазығы мен терістік көшпенділері аралығындағы авторлық құқығы мәселесін дәлелдейтін сенімді дерек болмағанымен, қытай, қазақ, моңғол, манжу, венгр, т. б. тілдердегі садаққа қатысты түп сөздер мен ұғымдардан қытайдың орта жазығы мен терістік көшпенділерінде садақ-жебе және олар туралы ұғымдарда срекше байланыстың барлығын байқауға болады.

Жебе ұшының казак, монғұл, қытай тілдеріндегі аталуының (жеб + е / зэв / зүг) төркіндестігін байқауға болады. Байырғы қытайдың шығыс терістік тілдерінде (терістік көшпенділерінің мекеніндегі тілінде) жебені білдіретін иероглиф 矢 (сүйек бейнелі жазуында ) түрінде жазылып, арғы заманда «сят» (siad) деп оқылған. Сонымен, арғы заман қытай тілінде жебенің ұшы

«зүк» (жебе дегендегі «жеб»), жебенің тұтас тұлғасы «сяд» (садақ дегендегі «сад») делінген. Садақ оғының (жебесінің) қытай тілінің арғы заманғы шығыс терістік диалектісінде орта жазық тіліндегіден басқаша «сят» (siad) деп оқылып-жазылуы оның терістік көшпенділерімен байланыстылығынан болса керек. Ал, казак тіліндегі садақ – «сад» пен «ақ»-тың қосындысынан жасалған. Осы садақ дегендегі «сад» пен жоғарыда біз көрсеткен қытай тілінің арғы заманғы шығыс терістік диалектісіндегі жебені (оқты) білдіретін «сят» (矢: siad) сөзі, тегі бір, терістік көшпенділеріне тәуелді атау болуы мүмкін. Егер осылай болса, онда казак тіліндегі «садақ» – «сад» пен «оқ»-тың бірікпесі болып, «сад» та «жебе»-ні, «оқ» та «жебе»-ні, екеуі қосылып садақты білдірген болып шығады.

Руды, ұлтты білдіретін «зу» (族) иероглифі – сүйек жазуында «ту» (𠂇) мен жоғарыда біз талқылаған «садақ жебесін» () білдіретін бейнелі иероглифтердің бірігуінен жасалған (𠂇), яғни тудың астына жебенің бейнесі сызылып руды білдірген. Сонымен Шаң дәуірінде «бір ру» (ұлыс, әулет) деген сөз бен «бір тудың астындағы жебелілер» (садақтылар) деген сөз мәндес болған [4]. Ал, кейінгі қытай жазуында «ту» мағынасын берген «旗» иероглифінің сүйек жазуындағы көрінісі – тудың астына сызылған қарудың бейнесі. Демек ең байырғы қытай иероглифінде «ту» – тудың жалғыз өзін ғана емес, ту мен қару-жарактың бірікпесі болған. Тудың астына қарулы адамдар топтасқанда ғана ол мән-маңызға ие болған. Шындығында, арғы заманда терістік көшпенділерінде халық – әскер, әскер – халық болған. Үйсіндерде 200 жүз мың түтін, 180 мың атты жасак болғанда [5]. Бір түтінде бірден әскер бар дегендік. Бұл бүкіл халықтың әскер, әскердің халық екендігін ұғындырады.

Шаң дәуірінде (б.з.б.17ғ. - б.з.б.11ғ.), ру, ұлыс, ұлт «бір тудың астындағы жебелілер» (族) деп танылса, одан мың жыл кейінгі Сы мажянның «Тарихи жазбаларында» Терістік көшпенділері «садақтылар» аталғандығын білеміз [3]. Одан тағы мың жыл уақыт өткенде, шығыс терістік Азияда бой көтерген Манжу әулеттері Қытайда Чин хандығын күрудан ілгері (б.з. 1616 ж. - б.з.1911 ж.) «Сегіз жалаулы түзім» деп аталған түзім атқарды [6]. Олардың рулары «ниру» аталған. Бұл манжу тілінде «жебе» деген сөз. Манжуларда бірнеше Ниру (ру) бірікпесі бір «гуса» аталған. Гуса манжу

тілінде «ту», «байрақ» деген мағынада. Яғни, манжулар руды «жебе» мағынасын беретін «ниру» сөзімен (яғни, манжу тілінде «жебе» де, «ру» да «ниру» делінеді), бірнеше рудың бірікпесін «ту» (байрақ) мағынасындағы «гуса» сөзімен атады. Міне, бұл сүйек жазуындағы ұлтты, руды білдіретін иероглифтің (族) ту (𠂇) мен жебенің (𠂇) бірігуінен жасалғандығымен (𠂇) бірдей еді. Бұндай, руды (ұлысты) қарулы ұйым санап, руды (ұлысты) садақ немесе садақ жебесімен балай айтатын әдеттің, мындаған жылға созылып, ХХ ғасырдың басына дейін жалғасып келуі шындығында таңғажайып құбылыс. Осы «туды» мәнжумен бір тілдес сібелер тағы «ниру» (жебе) деп те атайды. Бұл да «жебе», «ту» және «рудың» байланысын айғақтайды.

Металл қарулар. Соғыс қарулары дегенде, әдетте көбінде металл қаруларды түсінеміз. Бұндай металл қарулар дүниенің әр жерінде пайда болуының қола дәуірінің келуінің ілгерінді-кейінді болуымен әр келкі болғандығы белгілі. Қазірге дейінгі деректерге қарасақ, Кіші Азиядағы Анатолия (қазіргі Түркия) жерінен б.з.б. 6700 жылдың алдындағы қола құралы табылған. Бұл – дүниедегі тарихы ең арыдағы қола құралы. Батыс Азияда қола дәуірінің басталуы б.з.б. 3980-жылдар деп межеленеді. Ал, Қытай жерінің шынайы қола дәуіріне аяқ басуы б.з.б. 2100 жылдар айналасы деп қаралады. Қазірге дейінгі ғылыми дәлелдеулер Қытай жеріне қола өндіру техникасының Евразия көшпенділері арқылы батыс терістіктен келгендігін көрсетеді. Қытай жеріндегі ең алғашқы байқалған қола құралы б.з.б. 2700 жылдарға тура келеді. Оның орны батыс-терістіктегі байырғы көшпенділердің мекені Гансудан байқалған, қола пышақ және қола жебенің ұштарынан тұрады. Демек Қытайға евразия көшпенділері қоланы да, әскери техникада төнкерістік бұрылыс әкелген қола қаруларды да ала келді.

Қытайдан табылған ең алғашқы қола құралдар негізінен батыс-терістіктен – Гансудан, ішкі моңғұл сияқты өңірлерден кезікті. Оның үстіне бұлар негізінен пышақ, жебе ұшы, кылыш, найза, қанжар т.б. қару-жарақтар болды.

Қытай жеріндегі ең алғашқы қола бұйымдар Қытайдың батыс терістігіндегі Хыши коридорындағы Сыба (四坝), Чижиа (齐家: б.з.б. 2000 ж. айналасы) мәдениеттерінен және орта жазықтағы Ырлиган (二里冈) мәдениеттерінен байқалды. Осы екі орындағы қола құралдың пайда болған уақыты қарайлас, түгелдей б.з.б. 2000 жылдықтың бастарына тура келеді. Хыши коридорындағы Сыба (四坝) мәдениетінен де, орта жазықтағы Ырлиган мәдениетінен де Қытайдағы ең алғашқы қола пышақ байқалды. Қытай археологтарының біразы орта жазықтағы Ырлиган мәдениетінен байқалған қола пышақ “терістік үлгісіндегі” қола пышақ, оның жасалуы Сыба (四坝) мәдениетіндегі қола пышаққа ұқсайды деп қарады. Біраз

ғалымдар осы алғашқы қола қару табылған Сыба (四坝) мәдениетін Иүзлер мен Үйсіндерге байланысты деп білді [7].

Ең алғашқы қола айбалта (斧) Қытайдың батыс терістігіндегі Гансудың Миннан (岷南) ауданынан табылды. Оның дәуірі жоғарыда айтылған Чижа (齐家) мәдениетіне тура келеді. Жасалу үлгісі Орал тауының шығысындағы Сейма-Турбино мәдениетіндегі (б.з.б. 2000-жылдықтың алғашқы жарымы) бір құлақты және қос құлақты қола айбалтаға ұқсайды. Батыс терістігіндегі Каяу (卡约) мәдениетінен де осындай қайырылған құлағы бар найза табылды [8]. Мамандар қола қорыту өнеріне қарай, Сейма-Турбино мәдениеті Окүнев мәдениетінің әсеріне ұшыраған, әрі карасүк мәдениетімен жалғас деп таниды [8]. Маркс Лор қытай еліктеп жасаған Батыс Сібірдің айбалта, найзаларын зерттей келе, Қытайдағы қола өнері шамамен б.з.б. 1400 ж. айналасында Сібириядан барған дейді [10].

Қылыш-қанжар Қытайға Батыс Азия мен Орта Азиядан далалық өңір арқылы келген [8]. Қытайдағы қазірге дейінгі ең көне заман қылышы мен қанжары Шаң дәуірінің бастапқы мезгіліне тән, терістіктегі ішкі моңғұлдың Хытау өңіріндегі Жоукайгу байырғы жұртынан табылып отыр. Ондағы қылыштың ерекшелігі – түрқы қысқа, қанжарға бейім [8]. Ал, қанжар (短剑) Шаң дәуірінде негізінен терістік көшпенділерінің қаруы болған [8].

Демек, Қытайдың орта жазығы мен Батыс және Орта Азияның қола мәдениеттеріндегі өзара әсер ең әуелі қола құралдарда, қола құрал болғанда да көбіне қола қарулардан байқалады. Бұларды батыс ғалымдары «Ордос үлгісіндегі қола бұйымдар» атап келген.

Шаң дәуіріндегі терістік қола қаруларының бастысы мыналардан тұрады: сабының басы жануар бейнелі немесе алқалы қола пышақ; сабының басы жануар бейнелі немесе алқалы қола қанжар, т.б. Терістік көшпенділерінің осы қола пышақ, қанжарлардың басы мен сабы тұтастырылып құйылған, сабының басы жануар басы бейнесінде немесе алқа шығарылып құйылған. Археологиялық деректер Ордос үлгісіндегі қола қарулардың Қытайдың орта жазығына Шия, Шияң мәдениеттерінің соңғы мезгілдерінде пайда болғандығын дәлелдейді. Бұлардың ішіндегі кейбіреулері одан да ілгері жеткен болуы мүмкін. Терістік үлгісіндегі қола қарулар арысы орта жазықтағы Ырлиған мәдениетімен, берісі Иннің алғашқы мезгілімен бір уақытта өркендеген. Анық Ин жұртынан табылған Фухаудың алып қабыры басқа қабірлерден шыққан терістік үлгісіндегі қола қарулар сол дәуірлерде Шандардың орталық өңірі терістік сахарадағы қола мәдениетінің ықпалына ұшырағандығы байқалады [11]. Тіпті, кей мамандар Шаң дәуірінің соңғы мезгіліндегі осы әйгілі әйел, әскери қолбасшы Фухауды (妇好) Шаң

дәуіріндегі терістіктегі белгілі елдің (方国) Шаң патшасы У динге (武丁) ұзатқан қызы, оның жасауларының бір бөлегі – соғыс арбасы мен кабірінен табылған терістік үлгісіндегі қола бұйымдар деп қарайды [8].

Шаң-Жоу дәуірлеріне жалғасқан бүкір мойын қола пышақ, шолақ қанжар, тал жапырақты қола қанжар сияқтылардың барлығы терістік көшпенділерінікімен ұқсас.

Орта жазық қола қаруларына зор әсер жасаған терістік қола қаруларының пайда болу және таралуының Сарыөзеннің терістігімен ғана шектеліп қалмай, одан да ары жатқан тарихи сілемі барлық жұртқа аян. Моңғұл даласы, Сыртқы Байқал, Қарасұқ мәдениеті (б.з.б. 1300 ж. - б.з.б.800 ж.), Андронов мәдениеті (б.з.б. 2000 ж. - б.з.б.1000 ж.), Глазково мәдениеті, Окүнев мәдениеті, Иран үстіртіндегі Лулістан (б.з.б.2300ж. - б.з.б.2100 ж.), Батыс Азиядағы Жемдет наср мәдениеті (б.з.б. 3100 ж. -б.з.б.2900 ж.) және Шумер-акад мәдениеттеріне барып тіреледі [11].

Батыс Жоу патшалығы дәуіріне келгенде орта жазық арбалы әскерлерінің қолындағы қорғану құралы бұрынғы терістік көшпенділерінен қабылдаған имек сапты қанжардан, жаңадан қабылданған, терістіктің Оңтүстік Сібірия Қарасұқ мәдениеті үлгісіндегі түзу сапты қанжарына ауысты.

Уый-Жин патшалықтары тұсында (б.з.б. 220 ж. - б.з.б. 317 ж.) айбалта (戟: найза мен балтаның міндетін қатар атқаратын арғы заман қаруы) соғуға қиын әрі атты жасақтардың мықты сауыттарынан тесіп өтуге қолайсыз болғандықтан, соғуға оңай, ұшты әрі өткір соғыс қаруы Орта жазыққа алып кірілді [8].

Темірдің пайда болуы мен жалпыласуы соғыс қаруларының сапасын, әсіресе, оның ұштылығы мен өткірлігін барынша жақсартқандығы, құрал соғу, ұштау, шыңау, қайрау барысын да қарапайымдандырғандығы белгілі. Қазірге дейінгі тарихы ең ұзакта жатқан темір құралдардың шынайы археологиялық дерегі Шинжияңнан табылды. Оның уақыты Қытайдың Жоу дәуіріне, тіпті, Шаң дәуіріне тура келеді. Шинжияңнан табылған темірдің археологиялық олжалары бір бөлім ғалымдарды Қытайдың орта жазығына темір өндіру Шинжияңнан барды дегенге сендіріп отыр.

Темірден кейінгі ерекше сапалы, қатты, майырылмайтын ең көп қолданылатын металл бұйымы – болат. Болат темірдің көмір текті қорытпасы. Болат ерекше қатты келеді, оңайға тозбайды, майырылмайды. Ол ерте заманда ең таңдаулы қару-жарақ материалы болған. Әсіресе, болаттан соғылған қылыш-қанжар сияқтылар өткір, жүзі қайтпайды, қайырылмайды. Болат қаруларды жасау Батыс өңір шеберлерінің қытайдың орта жазығына Юан патшалығы дәуірінде ала кірген ең басты қолөнерлерінің бірі саналады. Болатты еуропалықтар кезінде «дамашых» болаты деп атаған. Юан патшалығы ордада арнаулы болат мекемесін құрған. Болат мекемесінің

жұмысы ордадағы қорғаушылар пайдаланатын қанжар, қылыш және әскери қаруларды соғу болған. Демек, қытайдың орта жазығына қола қорыту техникасы ғана емес сонымен бірге соңғы дәуірде темір қорыту, Юан дәуірінде Орта және Батыс Азияның болат қорыту техникасы енді. Бұның Қытайдың орта жазығының әскери қару-жарақ техникасына аса зор бұрылыстарды ала келгендігі белгілі.

Жоғарыда баяндалған садақ пен жебеден басқа да металл қаруларда түркі тілдері мен қытай тілінің аралығында ішінара ұқсастықтарды байқауға болады. Мысалы:

Бұлардан тыс қазақта «ер қаруы бес қару» делінсе, қытайда арғы заманда «车之五兵» (矛、戟、剑、钝、弓) деген идиома болған. Бұл «арбалы жасақтың бес қаруы бар» дегендік. Бәлкім «бес қару» ұғымы қазаққа кейін қалыптасқан емес, қайта мыңдаған жылдың алдындағы терістік көшпенділерінің сөз тіркесі болуы мүмкін. Қазақтың айтатын бес қаруы әр түрлі кезігіп жүр, соларда көбінде садақ, найза, қылыш, шокпар, сойыл айтылады.

Тас ататын зеңбірек. XIII ғасырдың басында терістік шөлдіктегі моңғұл әулеті күшейіп, дүниеге империялық айбат таныта бастады. Батысқа және оңтүстікке жасаған ірге кеңейту әскери жорықтарына қажетті қару-жарақ, ат әбзелі сондай-ақ басқа да қажетті заттарды өндіруге ұсталар мен басқа да түрлі шеберлер қажет болды. Осы қажеттіліктің жетегінде моңғұл әулеттері Орта Азиядағы өзі бойсұндырған өңірлердегі шеберлерді олжалап отырды. Тарихи деректерден моңғұлдар өздері олжалаған ұсталарды негізінен, бірі, моңғұл жорықшыларының әскери қосын қатарына қабылданса, енді бір бөлегі соғыс қаруларын жасайтын ұсталар мен шеберлер болған.

Юан патшалығы кезінде Орта Азия және Таяу Шығыс елдерінен Қытайдың орта жазығына әкелінген ұста-шеберлердің сол дәуірдегі орта жазықтың әскери қару-жарақ мәдениетіне зор әсер-ықпал тудырғандығы белгілі жай. Бұлардың ішіндегі ең әйгілісі Қытайдың орта жазығына тас атқыш зеңбірек жасау техникасы мен болат қорыту, шыңау техникасының келгендігі еді.

Юан дәуірінде Орта Азия мен Таяу Шығыстан Қытайдың орта жазығына енген ең әйгілі соғыс құралы – «Батыс өңірдің тас ату зеңбірегі» (мұсылман зеңбірегі деп те аталады). Миң патшалығының адамы Чиужүн (丘浚) «大学衍义补»-да: «Юан адамдары алғаш осы зеңбіректі жасап, Шияңяң (襄阳) қала қорғанын бұзғандығы үшін ол “Шияңяң зеңбірегі” деп те аталған» деп жазады (丘浚: «大学衍义补» 卷122.). Иүжи (虞集) өзінің «经世大典·叙录» атты еңбегінде: «оның ең таңдаулысы “мұсылман зеңбірегі”... Ол бұрын болып көрмеген» деп жазса (苏天爵: «元文类»

卷41, 虞集: «经世大典·叙录»), «明史·兵志»-да: «аталмыш зеңбірек – тас ату құралы, ол Юанның алғашқы кезінде “батыс өңірдің зеңбірегі”,... Оның жасалу өнері таралмаған» дейді («明史·兵志» 卷92.).

Бұндай тас ату зеңбірегі Қытайда бұрын да бар болған. Алайда батыс өңірден келген бұл зеңбіректің күдіреті күшті, жасалуы тіпті де шебер болған. 曾公亮 «武经总要»-да Соң дәуіріндегі Қытайда пайдаланылған 16 түрлі тас ату құралын таныстырады. Бұлардың ішіндегі 7 түрінің жасалуы мен тас ату қашықтығы, атқан тасының салмағы сияқтылары толық баяндалады. Соң дәуірінің тас ату құралдарына адам күші көп жұмсалады, ата алатын тасының салмағы жеңіл болған. Бұлардың ішіндегі «七稍炮» деп аталатын бір түрімен тас атуға 250-дей адам қажет, ататын тасының салмағы мықтағанда 50 кг, атқан тасы ең ұзағанда 50 қадамға жететін болған. Ал, батыс өңір зеңбірегін оншақты адам меңгере алады, 150 кг ауырлықтағы тасты алысқа ата алады. Бұны Мин патшалығының адамы Чиужүн (丘浚): «Бұл зеңбірек барлыққа келгеннен кейін, қалаға атса, бұзылмайтын қамал, теңізге атса, суға батпайтын пароход қалмады» деп жазады (丘浚: «大学衍义补» 卷120, 道光甲申刻本).

Юан армиясы батыс өңірдің тас ату зеңбірегін тек Фан, Шиян (襄) қамалдарын бұзуға ғана емес, оны Оңтүстік Соң хандығын бойсұндыру соғысына да жаппай қолданады. 1274 жылы (Юан патшалығының 11-жылы) Юан армиясы Чанжияннан өтіп, Қытайдың оңтүстігіне жорық жасайды. Осы кезде Чанжиян өзенінің оңтүстік жағасында шеп жайған оңтүстік Соң хандығының армиясы Чанжиянда Юан армиясымен пароходты теңіз армиясы арқылы қарсыласады. Юан армиясы өзеннің терістік жағасынан ауыр типтегі тас ату зеңбіректерімен тас ату арқылы, Соң армиясының пароходшы армиясын талқандап, Чанжияннан өтуге жол ашады. Юан армиясының «батыс өңір зеңбірегінің» дәмін тартқан оңтүстік Соң хандығы, сонау Фан, Шиян (襄) қамалдары талқандалғаннан тартып осындай тас ату зеңбірегін жасаудың қамына кіріседі. «Батыс өңір зеңбірегі» оңтүстік Соң хандығы жойылғаннан кейін, Юан патшалығының сыртқы елдермен соғысуындағы басты құралдарының біріне айналды. Юан патшалығының соңы мен Мин патшалығының алғашқы жылдары «батыс өңір зеңбірегі» өз рөлін сақтайды. Алайда бұл мезгілде оның аты «Шиянға зеңбірегі» (襄阳) деп аталатын болды. (马建春: «元代东迁西域人及其文化研究», 民族出版社, 2003年).

Ат-көлік. Тарихта адамзаттың соғыс мәдениеті мен соғыс барысына төңкерістік бұрылыс әкелген ең үлкен жаңалықтың бірі жылқыны қолға

көндіру мен оны көліккүш ретінде пайдалана білу болғандығы көпке аян. Міне сондықтан да Қытайдың орта жазық әскери мәдениетіне терістік көшпенділерінің әкелген жаңалығының ең үлкені жылқы баласы болды.

Көлік жылқысы Қытайдың орта жазығына терістік көшпенділері арқылы енді. Терістік көшпенділері орта жазыққа көлік жылқысын ғана емес, сонымен бірге арба, арба жабдықтары және салт атты мініс әбзелдерін де ала келді. Көшпенділер мәдениетінің әр реткі осындай толқыны, орта жазық әскери мәдениетіне төңкерістік бұрылыс ала келіп отырды.

Қытайға көлік жылқысы терістіктен келді. Шаң дәуірінің соңғы мезгілдерінде түйықсыз молынан пайда болды. Сүйек жазуындағы , бейнедегі иероглифтерді бірқыдыру мамандар Қытай иероглифтеріндегі атқа мінуді білдіретін 骑 жазудың арғы төркіні деп таниды(бұл иероглифтің алдыңғы бөлегі 马 — жылқы, бұл арғы заманғы қытай тілінде «mwaq» деп оқылып, қытай тіліне алтай тілдеріндегі «мөріннен» қабылданған. Ал соңғы бөлегі 奇, бұны ғалымдар жоғарыдағы атқа мінуді білдіретін 𠂇, 𠂇 таңбамен төркіндестіреді. Жылқының адамзат мәдениетіндегі орны теңдессіз. Сондықтан да жылқы қашан қолға үйретілді, қашаннан бастап арбаға жегіліп, қашаннан бері мініске пайдаланылды деген сұраулар Азияның терістігіндегі көшпенділерде ғана емес, тұтас адамзат өркениетін зерттеуде айрықша маңыз алады. Жылқы ең әуелі Дунай мен Алтай аралығында қолға үйретіліп, арбаға жегілгендігі ғылымда дәлелденген шындық. Мамандар жылқы Сақтар, Ғұндар заманынан бастап мініске пайдаланылды деп қарайды [12]. Қалай болмасын жылқы ең әуелі Қазақ даласында қолға үйретіліп, арбаға жегілді, қазақ даласында мініске пайдаланылды. Егер біз сүйек жазуындағы жоғарыда көрсетілген, иероглифтерді атқа міну деп оқысақ, бұл: біріншіден, осы дәуірде терістік көшпенділерінің жылқыны мініске пайдаланғандығын; екіншіден, Сарыөзен алабына жылқы мінудің осы дәуірде таныс екендігінен дерек береді. Алайда, сүйек жазуында көрсетілген жылқы мінгендер кім? Шандар ма? Жоқ, оның терістігіндегі көшпенділер ме? Әдетте, Қытайдың орта жазығында жылқы жауласқан бектіктер заманынан кейін (б.з.б. 475-жылдардан кейін) мініске пайдаланылған деп қаралады [13]. Бұл дәуірлерде орта жазықтың терістік жарым шеңберін ат-көлікті көшпенділер орап жатқан, оның үстіне Шандардың өзі де мал шаруашылығы мен аншылықты басты кәсіп еткен ел екендігін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Десе де, орта жазық жерінде жауласқан бектіктер заманына дейін жылқы тек арбаға ғана жегілген, арбалы әскер болған да, атты әскер болмаған. Жауласқан бектіктер заманынан кейінгі Жау улиң уаң кезінде (б.з.б. 325 ж. — б.з.б. 300 ж.) Ғулардан (ғулар — байырғы терістік көшпенділерінің жалпы атауы) ғуларша киініп (ғулардан атқа мінуге ебедейлі шолақ тон, ауы бітеу шалбар, нәлілі тері етік, т.б. қабылдаған), атты жасақ кұруды үйренеді [3]. Бұл дәуірде ағаш ер де, үзенгі де болмаған. Ол кезде

орта жазықта жылқы ерекше құнды болған. Батыс Жоу патшалығы дәуірінде (б.з.б.11ғ. - б.з.б.256ж.) бір жылқы мен бір орам жібек бес құлға алмастырылған. Терістіктегі Ғұндар жасақтарын жылқының түрі-түсіне қарай шепке орналастырған жылқы молшылығы кезінде [14], орта жазықта мініс жылқысы болғанымен саны өте аз болған. Лиу баң Хан патшалығының патшасы болған кезде (б.з.б.206ж) арбаға жегетін бірыңғай түсті төрт ат табылмаған, би, бек, уәзірлер өгіз арбаға отырған [4].

Хан Уди заманында (б.з.б. 140 ж.) барып Қиыр батыстағы Үйсін, Дадуан елдерінен батыс сәйгүліктері үйір-үйірімен айдап әкелінген [15]. Жылқыны білдіретін «mwag» қытай тіліне алтай тілдеріндегі «мөріннен» қабылданғандығы жоғарыда айтылған-ды, бұл ғылымда дәлелденген жағдай. Жылқы міну, жылқының көбеюі орта жазық әскери істеріне зор әсер жасады. Сүйек жазуында да сырттан ат алып келу туралы баян жолығады [16].

Чиндердің (秦: б.з.б. 221ж. - б.з.б. 206ж.) қосыны негізінен атты жасақ болған, ал, чиндерді талқандап әкімият құрған Хан патшалығы чиндер сияқты терістік көшпенділерінің әскери мәдениетін толық қабылдамаған. Алғашында атты жасақ құруға сәл қараған. Арбалы және жаяу әскер ұстаған [8].

Жылқыны міну Орта Азиядан дүниенің көптеген мәдениет ошақтарына таралғанымен, дүниенің қайсы бір аумағында болмасын, атты әскер (арбалы емес, атқа мінген) аздап бар болғанымен, негізгі қосын болмаған. Негізгі қосын арбалы әскер, жаяу әскер болған. Атты жасақтың негізгі әскери қосынға айналуы терістіктегі сақтар мен ғұндардың атты қосындары Евразияны зіл-залаға келтірген заманнан басталды. Сол сияқты, Қытайдың орта жазығы әуелі көшпенділерден жылқыны, жылқыны арбаға жегуді, жылқы мінуді қабылдады, онан соң атты арбалы армия, салт атты армия құруды үйренді. Атты арбалы және салт атты армия құруды ғана емес, арба, ат әбзелдерінен тартып, тұтас атты армияға қажетті қару-жарақтарға дейін терістік көшпенділерінен қабылдады немесе соған сәйкестендіріп отырды. Жалпы алғанда терістік көшпенділерінен жылқы және жылқы мәдениетін қабылдау Қытайдың орта жазық әскери істеріне төңкерістік бұрылыс ала келді,

Бұл туралы бұдан да толық баяндау «Терістік көшпенділерінің жылқы мәдениетінің Қытайдың орта жазығына жасаған әсер-ықпалы» деген мақаладан көре аласыз.

Арба. Жылқының б.з.б.2-мың жылдықтың бастарында арбаға жегілгендігі жайындағы археологиялық дерек жеткілікті. Бұған Қазақстанның солтүстігіндегі Тобыл өзені аңғарынан байқалған Сынташта (Sintashta) мәдениет жұрты дәлел. Сынташта мәдениетінің мезгілі б.з.б.2200 ж. – б.з.б.1800 ж. аралығы деп тұрақтандырылған [17]. Қазіргі археологиялық деректерге қарағанда, жылқы әуелі арбаға жегілген, кейін біртіндеп мініске

пайдаланылған. Сондықтан әуелі арбаға қатысты, одан мініске қатысты ат әбзелі (ер-тоқым) жарыққа шыққан.

Арбаның Қытайдың орта жазығына терістіктегі далалық көшпенділерден келгендігі ғылымда тұрақты таным қалыптастырған көзқарас. Ғалымдар арба туралы археологиялық қазбалардан, жартас суреттерінен және тарихи жазбалардан жан-жақтылы қарастыру, жер шарының жер-жерінен табылған ең байырғы заманғы ат арбаларды өзара салыстыру арқылы, ат арбаның Қытайдың орта жазығына терістіктегі далалық көшпенділерден келгендігін растады. Ал, ат жегілген арба Евразия даласында ең әуелі соғысқа пайдаланылғандығы археологиялық олжалардан да, тарихи жазба деректерден де, жартас суреттерінен де белгілі жағдай. Сондықтан біз бұл арада арба Қытайдың орта жазығына терістіктен барғандығын емес, қайта, сол дәуірде немесе одан ілгері шаңдармен іргелес отырған терістік көшпенділерінің арбалы әскерінің жағдайы қандай болған дегенге қызығамыз. Шаң дәуірінің соңғы мезгіліндегі сүйек жазуларында ат жегілген арбаның соғысқа пайдаланылуы туралы деректердің барлығы шаңдардың батыстағы жауы алдымен арбаны соғысқа пайдаланғанын көрсетеді [8].

Шаңдарды (б.з.б.17ғ. - б.з.б.11ғ.) аударып тастап, Жоу патшалығын (б.з.б.11ғ. - б.з.б.256ж.) құрған жоулар патшалық құрудан бұрын бір мезет егін шаруашылығынан мал шаруашылығына өтіп, терістік көшпенділерімен бірге жасаған. Осы жоулар құрған патшалықтың орта мезгіліне тәуелді жоулардың бір қола бұйымына (师同鼎) Номдармен (戎) болған бір реткі соғыс баяны ойып түсірілген. Бұл археологиялық олжада жоулардың бір Шы тоң (师同) атты әскер басы номдарға қуа сокқы беріп, қыруар олжа түсіргендігі, оның ішінде төрт атты арба, 20 өгіз арба барлығы жазылған [8]. Американдық Edward Shaughnesy шаңдардың арбалары, терістік көшпенділерімен тіпті де жақын араласқан жоулардан келген болуы мүмкін деп қарайды. Шаң дәуіріндегі сүйек жазуынан бастап армия қытай жазуында «арбамен» (车) қосылған иероглиф 车 арқылы бейнеленген. Іс жүзінде бұл арбаның сол дәуірдің өзінде-ақ ең басты соғыс қаруы екендігін айғақтайды.

Ат әбзелдері. Жылқының қолға үйретіліп, арбаға жегіліп, мініске пайдаланылуы адамзатты, адамзаттың соғыс өнерін жана белестерге көтергенімен, ат әбзелдерінің тапқырлануы ұзақ тарихи барыстарды бастан кешірді. Жылқы баласы қолға үйретілгеннен бастап есептегенде, ағаш ер де, үзенгі де үш мың жылдан кейін тапқырланды.

Қытай тіліндегі атты білдіретін «ма» деген сөз алтай тілдеріндегі «мөрін» дегендерден қабылданғандығын ғалымдар дәлелдеген. Қазақ тіліндегі «мал» байырғы түркі тіліндегі жылқыны «мал» деп атаудан келген, ол мөрінмен төркіндес деген көзқарасымды басқа мақалаларымда баяндаған болатынымын. Енді осы арада ерекше атап өтер бір жағдай – қытай тіліндегі аттың ерін білдіретін сөздің түркі тілінен қабылдануы. «Ер» сөзін орысша

«седло», ағылшынша «saddle», моңғұлша «эмээл», манжу тілімен түбірлес сібе тілінде «онгон», қытайша «ән», қыпшақша «ейер» деп атайды. Ал, қытай тіліндегі аттың ерін білдіретін «ән» (鞍) деген сөз байырғы қытай тіліндегі буын соңындағы «-р» дыбысының «-н» дыбысына алмасу заңдылығына сай түркі тіліндегі «ер» немесе «ейер» дегеннен өзгеріп қабылданған және оның беретін қосалқы информацияларын бұрынғы мақалаларымда ортаға қойған болатынымын [18]. Қытайдың орта жазығының аттың ерін, «ер» деген сөзді түркі тілді көшпенділерден қабылдауы ағаш ер де, үзенгі де пайда болудан бұрынғы шаруа. Хан дәуіріндегі әскери қажет үшін терістік көшпенділерінен «ғуларша киініп, ғуларша атты жасақ құруды» үйрену дегендегі «атты жасақ», үзенгісіз, ағаш қонқасы, қасы жоқ, жалғыз төс айылы бар, тоқым ерлі ат болған. Хан дәуірінде орта жазық қосыны терістіктен қабылдаған осы озық соғыс тәсілі арқылы ғұндарды талқандады. Ел іргесін бекемдеп, Қиыр шығыстағы алып империяға айналды. Тоқым ерден кейін терістік көшпенділеріндегі дәуір бөлгіш жаңалық ағаш қонқасы, қасы тар ер мен үзенгінің тапқырлануы еді. Бұның адамзат мәдениетіне жасаған әсерін ғалымдар және де соғыстағы рөлімен өлшейді.

Таяу жылдарға дейін, дүниедегі ең ертедегі нақтылы үзенгі – Қытайдың шығыс терістігіндегі Ляуниннен (байырғы көшпенді Сянпилердің мекені) табылған III-IV ғ. аралығындағы металмен қапталған ағаш өзекті үзенгі еді [19]. Алғашқы үзенгі табылып отырған Сянпилердің Санян мәдениетіне тәуелді ат-әбзелімен қоса жерленген қабір – Ляуниннің батысындағы адырлы өңірдегі Далиң өзені аңғарынан 1998 жылы ашылған Лама үңгірі қабыры [20].

2003 жылы шілдеде Шинжянның Текес ауданынан табылан бір жұп темір үзенгі жоғарыдағы қорытындылардың барлығын теріске шығарғандай болды (ғалымдар бұл үзенгіні б.з.б.206-жылдан заманымыздың 420-жылдары аралығындағы туынды деп тұжырымдады) [21]. Текестен табылған темір үзенгіні былай қойғанда, заманымыздың III-IV ғасыры аралығында металмен қапталған ағаш өзекті үзенгі пайдаланған көшпенді Сянпилер одан бес ғасыр ілгері ат тұяғымен терістікті дүбірлеткен «...жасөспірімдері қойға мініп күс, тышқан ділдеп, садақ атуды үйренетін, ер жете келе түлкі, қоян аулап аужал табатын, жігіт-желеңі шетінен садақ тартып, ат жалында ойнайтын» [3].

Ғұндармен ауылы аралас, қойы қоралас, тілі, салт-дәстүрі ұқсас, киіз туырлықты іргелес халықтар болған. Сол кезде Сянпилерде бар үзенгі Ғұндарда және басқа терістік көшпенділерінде болмауы мүмкін емес еді. Сонымен терістік көшпенділерінің байырғы мекені Ляунин мен Текестен табылған көшпенділердің ең байырғы үзенгісі V ғасырдың басында Корея жарым аралына, VI ғасырда Жапония аралына таралды [19]. Орта Азиядағы Самарқаннан VI ғасырдың темір үзенгісі табылса [19], Алтай өңірінен табылған темір үзенгі VI-VII ғасырларға тура келеді [19]. Европадан VI

ғасырдың темір үзеңгісі табылған [40]. Үзеңгінің тапқырлануы адамзат тарихындағы дәуір бөлгіш оқиға саналады. Британиялық ғылым-техника тарихын зерттеуші ғалым Уйте (White) «Үзеңгідей қарапайым әрі ұлы тарихи маңызға ие тапқырлық тым сирек кездеседі» деп жазады [1]. Кей мамандар үзеңгінің тапқырлануын көбінде атты жасақтардың соғыстағы орнының жоғарылауымен яғни соғыс тарихындағы рөлімен теңестіреді. Үзеңгі тапқырланғаннан кейін адамдардың атқа отыруы бекемделді, екі қолы барынша азаттыққа шығып, садақ тарту, қылыш, найза сілтеуге тіпті де қолайлылық жаратылды. Міне бұлардың барлығы орта жазық әскери мәдениетіне зор ықпал жасап отырды.

Орта жазыққа терістіктен ат, арба, ер, үзеңгілер ғана келген жоқ, қайта, арбамен, атпен бірге ауыздық, нокта-жүген, өмілдірік-құйысқан, арбаға қажетті түрлі жабдықтар, т.б. түгелімен жетіп отырды. Бұлардың барлығы орта жазық әскери мәдениетіне орасан еселі үлестер қосты.

Киім-кешек. Адамзаттың киім-кешек мәдениетінде ерекше орында тұратыны ауы бітеу тар балақ шалбар мен нәлілі етік екендігі жұртқа белгілі. Бұндай киім адамдарды ыстық суықтан сақтап ғана қалмастан, өндірістік еңбек және басқа тіршілік қимылдары үшін аса зор қолайлылық ала келді.

Археологиялық зерттеулер мен тарихи жазбалардың нәтижесі дүние жүзінде ең әуелі ауы бітеу, тар балақ шалбар кигендердің Орталық Азиядан моңғұл далаларына дейінгі терістік көшпенділері екендігі айғақтайды. Бұны далалық жартас суреттерінен тартып археологиялық олжалар түгелдей растап отыр. Осыдан 3000 жыл бұрынғы туынды ретінде бағаланған Тарым ойпатының оңтүстік шығысындағы Зағұнлұқ байырғы моласынан және басқа орындардан қазып алынған шалбарлар Қытайдың орта жазық өңірінен мың жылға таяу ерте пайдаланылған. Евразия көшпенділері ауы бітеу шалбар, ұзын қонышты, өкшелі етік киген сол дәуірде, дүниенің басқа ірі мәдениет орталықтары бұндай озық киім үлгісінен бейхабар еді [12]. Қытайдың орта жазық өңірінде Хан дәуіріне (б.з.б. 206ж. - б.з. 220ж.) дейін ауы бітеу шалбар болмаған. Адамдар ол кезде, белден байлайтын ауы ашық дізеқап киген де, адамның ауы екі дізеқаптың жоғарғы қоншының жайылып айқасқан бөлегі арқылы жабылып тұратын болған. Шалбар (袴) деп аталатын, төменгі денеге киетін ауы бітеу, тар балақ киім батыс Хан патшалығының Жау улиң уаң (昭帝) заманында пайда болған [22]. Одан ілгері Куши (绉褶) деп аталатын әскери киім киген. Оның жоғарғы жағы қаптал шапан, төменгі жағы ауы ашық дізеқап болған. Демек Хан дәуірінен бұрын орта жазықта әскерлер негізінен жаяу аскер және арбалы әскер болған, ауы ашық дізеқап, үстінен ұзын қаптал шапан киген. Тарих жауласқан бектіктер заманына кадам қойғаннан кейін әр бектіктер арасындағы соғыс ушығып, соғыс құралдары мен соғыс техникасында елеулі өзгерістер болды. Темір қарулар жалпыласып, ату, шабу, қорғану, т.б. қару-жарақтарда жаңалануы, соғыс тәсіліне аса зор бұрылыстар ала келді. Арбалы қосындардың соғыстағы рөлі

біртіндеп әлсіреп, атты жасақтың көлемі ұлғайып, күдіреті таныла бастады. Сонымен, бұрынғы орта жазық киімі қол-аяққа оралғы болып, қатты жүгіріске, атқа мінуге, қоян-қолтық соғысқа бәрі-бәріне жарамсыздық танытты. Киімде өзгеріс жасамай, соғыста жеңіске жету мүмкін болмады. Сонымен жаңаша соғыс орта жазық әскери киімінде өзгеріс жасауды талап етті. Сонымен, соғыстың қажеті үшін, атасынан ауы бітеу шалбар, етегі шолақ шапан, ұзын қоныш, өкшелі етік киіп көрмеген орта жазықтықтар, терістік көшпенділерінен ауы бітеу, тар балақ шалбар, жеңі тар, денеге нығыз шолақ шапан және теріден тігілген ұзын қоныш, өкшелі етігі киуді қабылдады [12]. Орта жазықтағы жеті бектіктің ішінде терістік көшпенділерімен іргелес Жау бектігі «қуларша киініп, қуларша атты әскер жасақтауға» (胡服骑士) бірінші болып кірісті.

«Көшпенділердің шапқыншылығын түбегейлі тосу үшін Чин бектігі (Шанши) мен Жау бектігі (Санши) қытай қосындары қорғанысты күшейтумен бірге, терістік көшпенділерінің атты жасақтарына еліктеп өздерінің икемсіз арбалы қосындарына өзгеріс жасап, икемді атты қосын құрды. Әскери жақтағы бұндай төңкеріс қытайлардың киім-кешек мәдениетін түбегейлі өзгертті. Қытай киіміндегі арғы заманнан мұра болып келе жатқан қабдал шапанның (长袍) орнын көшпенділерден көшіріп алған атты жасақтардың ауы бітеу, тар балақ, ұзын шалбары мен жеңі тар, денеге нығыз шолақ шапаны басты. Қытай атты жасақтары және көшпенділердің үкілі тұмағын (羽饰帽), артқы етегі екі тілік шапанын (三尾服, етегінің артындағы екі тілік атқа мінуге қолайлылық үшін шығарылған, бұл қазіргі кезде батысша костюмның бір түрлі үлгісі) және жауласқан бектіктер заманындағы әсемөнерге айрықша әсер жасаған белбеу сақинасы сияқтыларын қабылдады [10].

Хан патшалығынан ғұндарға ұзатылып келген ханыша Жұнған юе: «Ғұнның халық саны Хан патшалығының бір аймағынікіне де жетпейді. Десе де, ғұнның соншалық күдірет тауып отырған себебі – киім-кешек, ішіп-жемі оларға үксамайды. ... Олардан (қытайларды айтады) алған торғын-торқадан тігілген киім атпен бұтаның арасынан ызғытып бір өткенде-ақ дал-дұлы шығады. Жібек киімдердің тері киімдей киістік бермейтіндігін, Хан елінен әкелінген тағамдардың да сүт-қаймақтай кенеулі еместігін жұртқа ұғындырған жөн» деп айтқанындай [3], орта жазықтықтар соғыс жағдайына үйлесу үшін ғұлардың киіну үлгісін ғана қабылдап қоймай, бұрынғы орта жазық әскери киіміндегі соғысқа төзімсіз жібек, торғын маталардың орнын шыдамды тері, киіз сияқтыларға бастыра бастады.

Адам сауыты: Чиншыхуан қабірстанынан темір жапырақшалардан құралған әскерлердің сауыты табылған. Дәл осындай сауыт б.з.б. 480-жылдары парсы армиясында жаппай пайдаланылған. Геродот та парсылардың теңбіл сауыт киетіндігін жазады. Осы тәрізді орта жазық

дулығалары да Евразия даласынан келгендік танытады [23]. Адам сауытынан басқа, соғыста жылқы сауыты да молынан пайдаланылған. Қытай жеріне жылқыға арналған сауыт-сайман он алты бектік заманында ғұндар мен сиянпилердің ішкерілей кіруіне байланысты молынан пайдаланылған. Бұндай жылқы сауыты одан бұрынғы Орта және Батыс Азияда кенінен қолданылған [24]. Демек, дулыға да, адам сауыты мен жылқы сауыты да орта жазыққа терістік көшпенділері арқылы келген.

Әскери қосын және әскери өнер. Әскери қосын ең әуелі бір топтың немесе бір елдің өзін қорғау және басқаларға зорлық жасау үшін жасақтаған қарулы күші. Жоғарыда жебе, садақ туралы баяндағанда, байырғы шаңдардың да, 2000 жылдан кейінгі манжулардың да әскери қосынды туды жебе және румен байланыстыратындығын көрдік. Демек, бұлар туралы терістік көшпенділері мен орта жазықтықтарда мазмұндық жақтан да, құрылым жағынан да ортақтықтардың барлығы анық.

Қытай тарихынан алып қарағанда оның қайсы бір патшалығы болмасын терістік көшпенділерінен және олардың әскери қосындарынан аулақ бола алмаған. Тарихи деректерден терістік көшпенділерінің орта жазыққа еніп қытай билігін қабылдағандары көбінде әскер болуды, шекара күзетуді кәсіп еткендігі байқалады [25]. Бұл казактардың патшалық Ресейдің армиясы болғандығына үқсайды.

Қытай тарихында оның елін билеген, әкімият құрған әулеттердің тең жарымынан астамы терістік көшпенділері болған. Қытай тарихындағы ең алғашқы патшалық Шиялар терістік көшпенділерімен ерекше байланыста болған, кейін Шаңдар Шияларды талқандағанда Шиян аксүйектері терістік көшпенділеріне қашып барып қосылған. Шаңдар терістік көшпенділерімен ұзақ уақыттық араластығы, терістік көшпенділерінің Шаңдарға қосылып, орда жұмысына дейін араласқандығы сүйек жазуының деректерінен молынан байқалады. Шаңдардың соңғы мезгіліндегі астанасы Инн қабірстандарынан табылған адам бас сүйектерінің де көп бөлегі терістік көшпенділерінікі екендігі дәлелденген. Кей мамандар айтқанындай, Шаң дәуірінің соңғы мезгіліндегі айгілі әскери қолбасшы Фу хау (妇好) Шаң дәуіріндегі терістіктегі белгілі елдің (方国) Шаң патшасы У динге (武丁) ұзатқан қызы болса, онда Шаң елінің әскери-саяси істеріне ересен үлес қосқан осы әйел қайраткердің орта жазыққа терістіктің әскери қару-жарағы мен соғыс өнерін ала келері сөсіз еді. Ал, Жоулар терістік көшпенділерімен етене болған, тіпті, бір мезет Номдармен бірге көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған. Жоуларды аударып, патшалық құрған Чиндер тегінде батыс терістікте жылқы шаруашылығымен шұғылданатын көшпенді ел болған [9]. Міне бұлардың барлығынан Хан патшалығынан бұрынғы орта жазық патшалықтарының терістік көшпенділерімен қаншалық байланыста екендігін, бұның орта жазықтың әскери істеріне қаншалық әсер-ықпал жасағандығы өздігінен-ақ белгілі. Тіпті, Ханнан (б.з.б. 206ж. - б.з. 220ж.)

бұрынғы орта жазық патшалықтарын түгелімен терістік көшпенділеріне тікелей байланысты деп қарайтын зерттеушілер де аз емес. Ханнан басталған Қытай патшалықтарының жағдайына қарасақ, Хандар екі жүз жылдан астам әкімат құрып, оңтүстік ғұндарды бағындырып, терістік ғұндарды батысқа қуып тастағанымен, әскери техника және жабдықтау жағында терістіктерден тәлім алды. Олардан атты жасақ жасақтауды, атты жасаққа бейімделген киім киюді, атты жасақтың қаруларымен қарулануды және басқа да атты жасақтың соғыс өнерлерін үйренді. Бұнымен қоймай Хан армиясының құрамында терістік көшпенділерінің әулеттері де аз болмаған. Орта жазыққа қоныстанған немесе соғыста бағынған терістік көшпенділерінің ұрпақтары Хан армиясына қатынасып, соғыс жүргізген. Тіпті терістік ғұндарды Хандарға бағынған оңтүстік ғұндардың армиясы талқандаған [25]. Хан патшалығынан кейінгі 300 жыл шамасында Қытайдың орта жазығы терістік көшпенділерін негіз еткен сыртқы ұлттардың үстемдігінде болды. Осыдан кейінгі Сүй-Таң патшалықтары (Сүй: б.з. 581ж. - б.з.618ж., Таң: б.з. 618ж. - б.з.907ж.) тұсы Қытайдың ең бір өркендеген және өз дізгінін өз қолына алған дәуірі болды. Алайда, бұл дәуірде солтүстік патшалықтың терістік ұлттарынша әскери түзіміне (北朝外族制度) мұрагерлік етіліп, жүз жылдан астам уақыт азаматтар жартылай әскери міндет өтеу сынды үкімет армиясындай түзім қолданылды. Оның үстіне Таң дәуірі орта жазықтың түркі мәдениетін барынша қабылдаған дәуір еді. Таң патшалығы дәуірінде орта жазық атты жасақтарында жалғасты өзгерістер жасалды. Оңтүстік-терістік патшалықтары дәуірінен бергі сауыт-сайманы зіл-батпан атты қосын қатардан қалып, Түріктеге еліктеліп, сауытсыз, соғысқа қолайлы, жеңіл атты жасақ жасақталды. Таң патшасы Таң тайзонның соғысқа мініп шыққан сәйгүліктерінің тас оймасынан да осындай қарапайымдылықты аңғаруға болады. Таң патшалығының құрушысы Лиу юан Тайюанды қорғап тұрған кезінде, Түрік атты әскерлерінің «садақ тартып», «найза сілтеп», «күйынша ұйытқыған» күш-құдіретімен танысады. Сонымен өзі басқарған қосынның ат үстінен садақ тартуға жарайтын жарым-жартысын іріктеп алып, түрікше жаттықтырады. Оларға түріктердің ат мініп, садақ тартуын ғана үйретіп қалмастан, ішім-жем, жатын орнына дейін түріктерге еліктетеді. Жеңіл атты жасақ Таң армиясының жауынгерлік қуатын барынша асырды. Таңтайзон Ли шыминң түріктердің атты жасақ құру үлгісін ғана емес, олардың жылқы мәдениетін қабылдағаны соншалық, өз мініс аттарын түрік сөзімен немесе түрік мәнсап атымен атап, құлпытастарына дейін ойғызады. Бұл оның өз сәйгүліктерін мадақтауы ғана емес, қайта түріктердің батырды, ерлікті жырлау салты арқылы өзінің соғыстағы ерлігі мен ерен еңбегін мадақтау және есте сақтау еді, деп жазады қытай авторлары [9]. Таң патшасы Таңтайзон Ли шыминңның көшпенділердің жылқы мәдениетіне соншалық қанық болуы мен өз сәйгүліктеріне түрік мәнсап аттарын қоюының тағы бір себебі оның анасының түркі-тобалардан болғандығы еді. Таң империясының

ел басы Таң тайзон түркілердің атты жасак кұру мәдениетін ғана қабылдап қалмай, байырғы терістік көшпенділерінің жылқы қастерлеу, жылқы жоқтау, жылқы тұлдау, батырдың ескерткішіне мінген атының бейнесін салу сияқты салттарының әсерінде, өзі мінген алты сәйгүлікке арнап тастан мүсін де ойғызды. Таң дәуірі тек әскери мәдениет жақтан ғана емес, басқа мәдениет жақтарынан да патша ордасын негіз еткен жоғары жіктердің тіл, киім-кешек, ішіп-жем, жатын орынға дейін түріктерге еліктеген заманы болған. Таң дәуірінен басталған жеңіл жабдықталған атты жасак өзінен кейінгі Сон (б.з. 960ж. - б.з.1127ж.), Юан (б.з. 1206ж. - б.з.1368ж.), Миң (б.з. 1368ж. - б.з.1644ж.) және Чиң (б.з. 1368ж. - б.з.1644ж.) патшалықтарына дейін жалғасып, от қарулар мен моторлы көліктер жалпыласқанға дейін өз рөлін атқарып келді. Қытай тарихындағы, орта жазық әулеттері өзін-өзі билеген патшалықтарда, дәл осы терістік көшпенділерінің сәйгүлік мініп, садақ тартқан әскери мәдениетін барынша қабылдаған, Хан уди мен Таң тайзонның заманында, қытай елі барынша күдіретін асырды, әлемге империялық айбатын таныта алды.

Нүм (戎) – Шаң дәуірінен бастап кіндік жазық жұртының терістіктегі қауымдарға, тайпаларға қолданатан жалпы атауы. Бұл иероглифтің сүйек жазуындағы көрінісі – () [26]. Бұл – қалқан мен алдаспанның бейнесінен құралған иероглиф. Осы иероглиф кейінгі қытай тілінде қару-жарак (兵器) және әскер (兵、军) мағынасында қолданылды. Біз осы иероглифтен мыналарды байқаймыз: 1. Қалқан мен алдаспанның бейнесінен құралған иероглиф 戎-ның терістік этностарының атына қолданылуы, олардың қолынан алдаспан мен қалқан түспейтін (Кейінгі хан дәуірінде хандардың «қолынан садақ түспейтін терістік көшпенділерін садақ асынғандардың» елі аталғаны сияқты) қарулы халық болғандығын ұғындырады. 2. Терістік этностарының атына қолданылған 戎 (Нүм)-ның кейінгі қытай тілінде қару-жарак және әскер мағынасында қолданылуы Қытайдың сол дәуірлерде әскер кұруында терістіктерден тәлім алғандығын аңғартады. 3. Қытай тіліндегі әскери атты 戎马(нүм жылқысы), әскери киімді 戎装 (нүм киімі) т.б. атаулардан, орта жазықтықтар Хан дәуіріндегі терістіктегі Фулардан (Ғұндардан) «Фуларша киініп, ғұларша әскер ұстауды» үйренуден ілгері, терістіктен Нүмдарша қаруланып, Нүмдарша киініп, Нүмдарша әскер ұстауды қабылдаған болуы мүмкін. Кейінгі қытай тілінде 戎马 соғыс жылқысын, 戎装 әскери киімді білдіргенімен, өз кезіндегі алғашқы мағынасы – нүм жылқысы, нүм киімі болуы әбден мүмкін. Қытай тілінде бұндай қалыптасқан сөздер аса мол.

Жалпы алғанда көшпенділер заттық мәдениет жағында салыстырмалы түрде мешеу болғанымен, әскери жақта зор басымдылық иеледі. Олар ат жалындағы садақтылар болғандықтан таңдаулы садақшылардан аса икемді атты жасақ ұйымдастыра алды. Бұндай арнаулы «күрал» оларды отырықты ұлттардың алдында үстем орынға шығарды. Бұл зеңбірекші қосындардың аяу заманғы европалықтарды басқа елдердің алдында ырықты орынға шығарғандығымен бірдей болған (Дала империясы – алғы сөз). От қаруы қалпыласудан ілгергі далалықтардың егінші елдерден әскери жақтан үстем орында тұруының дәмін байырғы Қытай, Үндістан, Иран, Батыс Азия және Европа елдерінің барлығы тартқаны тарихтан белгілі.

... «Қытайдың егіншілік өңірлері мәдениет, ұйымдасу және техникалық жақтардан артықшылығын әйгілесе, терістіктегі ұлттар (көшпенділер) дене уаты мен әскери жабдық жағында үстем тұрды. Іс жүзінде Шаң, Жоу дәуірлерінде пайда болған соғыс арбасы орта жазыққа ең әуелі батыс терістігіндегі далалық көшпенділер арқылы келген, былайша айтқанда, Іандар мен Жоулар көшпенділердің арқасында арбаға қол жеткізген. үнчиу-Жангуо заманындағы атты жасақ та дәл осындай. Чин армиясы ұстапқы кезінде батыс номдармен шайқасу барысында шынығып-ындалды, Хан дәуіріндегі атты жасақтардың кемелденуі де ғұндарға төтеп беру үшін болды. Сайып келгенде, әскери жақтағы кемелдену мен жаңалық аратудың көп бөлегі оңтүстік пен терістіктің алысуы барысында орындалып отырды. Бұнда, терістіктегі ұлттар (көшпенділер) қолайлы шарт-жағдайдан айдаланып, төңірегіндегі тың жетістіктерді қабылдап, әскери мәдениеттегі басымдылығына сүйеніп жаңалық жаратуда (әскери жақта) алда жүрді. Оңтүстіктегі ұлттар (орта жазықтағы егінші тұрғын халықтар) қоғамдық, материалдық және техникалық артықшылығынан пайдаланып, соңынан кемелдендіріп отырды» [9].

Батыс Хан патшалығы дәуірінде қытайдың терістігіндегі ұлттар (ғұндар, хиянпилер, т.б.) Орта жазыққа ағылып кірді. ... Олар орта жазыққа терістіктің өзіндік ерекшелікке ие ой жүйесі мен мінез-кұлқын ала келіп, орта жазықтағы дамығын егін шаруашылық өркеніетімен ұштастырды. Бұл Қытай ұлттарының мінез-кұлқын жақтағы сомдалуына зор есе қосып қалмастан, түрлі жақтардан жаңалық жаратуда да өзіндік әсер-ықпал әкелді [9]. Демек орта жазық елі терістік көшпенділерімен әскери жақтағы алысу барысында, әлемге аты шыққан, теңдессіз ұлы қорған соғып ғана қалмастан, әскери қосын және рухани жақтан да ұлы қорған қалыптастырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 余太山: «古族新考» (Байырғы ұлтты тыннан зерттеу), 华书局, 2000年6月, 北京.
2. Го моро бас болып Қытай ғылым академиясы тарих институты құрастырған, *Сүйек жазуының жинағы*, Бейжин, Жұнхуа шужүй, 2000.
3. 史记 — 0卷, 匈奴传.

4. 唐治泽: «甲骨文字趣释» (Сүйек жазуын қызықты түсіндіру), 重庆出版社, 2002年.
5. 汉书96卷, 西域传(2)
6. 江应梁: «中国民族史», 民族出版社, 1990年.
7. 徐文堪: «吐火罗人的起源», 昆仑出版社, 2005年, 北京, 43-44
8. 郭物: «国之大事国古代战车战马», 四川人民出版社, 2004年, 53-59页, 73页, 134页, 163-165页, 176页.
9. Rene Grousset «草原帝国», 国际文化出版公司, 2006年, 12页, 27页.
10. 卢连成: «青铜文化的宝库», 四川教育出版社, 1996年, 成都.
11. W M 麦高文 (美) 著: «中亚古国史», 中华书局, 2004年, 136页, 51页, 177页.
12. “Чун сүй лу”, “Зо чуан. Жау гүң 25 жыл” сияқты тарихи жазбалардан.
13. 汉书94卷, 匈奴传(1).
14. Тарихи жазбалар мен Ханнамадағы қатысты мазмұндардан.
15. 张光直: «商文明», 辽宁教育出版社, 2002年, 129页.
16. Уаң хайчын, Қытай ат арбасының төркіні, “Евразия ғылыми журналы”
17. «Шинжиян университеті ғылыми журналы», 2006-жыл 1-сан
18. Уаң тейін, Үзеңінің төркіні, “Евразия ғылыми журналы”, №3, 76-100-б.
19. 1998 жылғы Ляуніңнің Лама үңгірі қабірін ашудан баяндама, “Археология журналы”, 2004ж, №2, 209-242-б.
20. Текестен Ханжин патшалықтары тұсының үзеңгісі табылды, “Үрімжі кешкі газеті” 2004ж, 17-науырыз, 6-б.
21. 盖山林: «丝绸之路草原民族文化», 新疆人民出版社, 1996年, 179页.
22. W M 麦高文 (美) 著: «中亚古国史», 中华书局, 2004年, 53-55页, 郭物: «国之大事—中国古代战车战马», 四川人民出版社, 2004年, 107页.
23. W M 麦高文 (美) 著: «中亚古国史», 中华书局, 2004年, 53-55页, 郭物: «国之大事—中国古代战车战马», 四川人民出版社, 2004年, 153页.
24. 雷海宗: «中国的兵», 中华书局, 2005年.
24. 左民安: «细说汉字», 九州出版社, 2005年, 281页.

REZUME

Y. KUMARULY (Urimzhi)

INFLUENCE OF ANCIENT NOMADS ON MILITARY CULTURE OF CHINESE CENTRAL VALLEY

The article deals with the influence of ancient nomads on military culture of central valley in China according historical literary texts, archaeological, as well as traditional sources.